

**Қарағанды медицина университеті патология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты
Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың әсер ету механизмдерінің
заманауи аспектілері» оқу құралына қазақ тіл білімінің терминологиясы
мәселелері бойынша**

ПІКІР

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болған кезінен бастап қазақ тілін оқыту әдістемесі де жыл өткен сайын жақсарып, дамып келе жатқаны белгілі. Соның ішінде жоғары медициналық оқу орындарында қазақ тіліндегі оқу құралдары студенттер үшін үлкен сұранысқа ие.

Қарағанды медицина университетінің патология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың әсер ету механизмдерінің заманауи аспектілері» оқу құралында қазақ тілі лексикасының ең күрделі де бай саласы – терминологияның, оның жазылу жолдары сараланып, оқулық қазақ тіл білімінің медициналық терминологиясы мәселелеріне сәйкестендірілген. Қазақ тілінің, оның ішінде ғылым тілінің өркендеуіне септігін тигізген терминдік жүйеге сай жазылған.

Терминологияны қолдану барысында тілдік құрылымдағы орны, оның жазылу көздері мен жолдары, сондай-ақ жазу мен аударманың термин қалыптастырудагы, тіл байытудағы рөлі деген мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдауға талпыныс жасалады. Жұмысты жазу барысында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Терминология мен аударма теориясы» бөлімінің картотекалық қорының материалдары пайдаланылды.

Қорыта айтқанда, аталған оқу құралын медициналық жоғары оқу орындары студенттерін оқыту барысында қолдануға болады деп санаймын.

Пікір беруші:

КеАҚ ҚМУ Тілдерді дамыту орталығының
ассистент-профессоры, п.ғ.м.

Л.Ә. Жандарбекова

